

УДК 338.48 (574)

**ӘЛЕМДІК ТУРИЗМДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ
МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУ**

Токенова Адина Рахметоллаевна

adika_11@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті «Туризм» мамандығының
студенті

Ғылыми жетекшісі – Шарапаева Б.Ж

Туризм саласын тұрақты даму концепциясына кіріктіру ХХІ ғасырдың талабы болып отыр. Өйткені, туризм әлемдегі экономиканың және мемлекеттер мен жергілікті халықтардың әлеуметіне әсер етіп отырған үлкен ауқымды салалардың бірі болып отыр. Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) деректері бойынша 2016 жылы 1 млн 235 мың халықаралық туристік сапар жасалды. Соңғы бірнеше жылда (2017-2018) аталған көрсеткіштердің жыл сайынғы өсімі 4-5% құрады. Ал тауарлар экспортының үлесінде туризм жалпы экспорттың 6%-ын алады. Әлемдік экспортталушы қызмет көрсетулердің 30%-ға жуығы туризм үлесіне тиесілі. Егер бұрын әлемдік экономиканың өсуі туризмнің даму қарқынынан озса, қазіргі уақытта әлемдік туризмнің өсу қарқыны жылына 5%-ға дейін құрайды, ал әлемдік экономиканың өсуі жылына 2-3%-ды құрап отыр, демек туризм әлемдік

экономиканың дамуына ықпал ететін факторға айналып отыр [1, 12 б.]. Осындай көрсеткіштерге ие болып отырған туризм саласы, өкінішке орай, қоршаған ортаға, экологияға, халықтардың әлеуметіне кері әсерін де тигізіп жатыр. Тасымалдау көліктерінің улы газдары, әлемдік сапар шегуші туристердің қалдықтары мен қоқыстары, туристік объектілердің тозуы, экономиканың тұрақсыз дамуы, табиғи нысандардың сарқылуы мен тозуы секілді кері факторлардың жиынтығы - туризмнің тұрақты даму концепциясының қалыптасуына алып келді.

Туризмді тұрақты дамыту концепциясы мен мақсаттарын зерделеу үшін алдымен «тұрақты даму» терминін анықтау қажет. Тұрақты даму - бұл табиғат ресурстарын тиімді пайдаланумен қатар, инвестицияның бағыты мен ғылыми-техникалық дамудың бағдары, жеке тұлғаның дамуы мен институционалдық өзгерістердің бір-бірімен келісілген, адам қажеттіліктері мен ұмтылыстарын қанағаттандыру үшін қалыптасқан қазіргі және болашақ әлеуетті нығайтатын қоғамның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық аспектілерінің тұрақты даму процесі болып табылады [2, 19 б.]. Көп жағдайда, тұрақты даму туралы сөз қозғалғанда, назар қазіргі адамдардың, және болашақ ұрпақтың өмір сүру сапасын қамтамасыз етуіне беріледі.

Туризмнің тұрақты даму концепциясы мақсаты - туристік салаға тиісті мүдделі тараптардың кең қатысуын қамтамасыз ету мен консенсусты қалыптастыру үшін күшті саяси басшылықтың саналы қалыптасуын талап ететін күрделі жүйесін қалыптастыру болып табылады. Тұрақты туризмнің экологиялық аспектілері: физикалық тұтастық - қалалық және ауылдық аудандардағы ландшафт сапасын қолдау және арттыру, экологиялық және визуалды ластануды болдырмау; биологиялық әртүрлілік - қоршаған ортаны, табиғи мекендеу ортасы мен жабайы табиғатты көтермелеу және қорғау, сондай-ақ туризмнің қоршаған ортаға әсерін азайту; қалдықтарды тиімді басқару; туризмді дамытуда сирек және жаңартылмайтын ресурстарды пайдалануды азайту; таза қоршаған орта - судың, ауаның, топырақтың ластануын азайту және туристермен және туристік операторлармен қалдықтардың пайда болуын қысқарту.

Тұрақты туризм концепциясы, сонымен қатар, бәсекеге қабілетті әлеуметтік кәсіпорындар мен барлық азаматтар үшін туризмге қатысу мүмкіндігі, туристік секторда жұмысқа орналасу мүмкіндігі мен жергілікті қоғамдастық үшін туристік қызметпен айналысу мүмкіндіктерін беруде іске асырылады. Тұрақты даму концепциясы, ең алдымен, жергілікті халықтың пайда табуы мақсатында іске асырылатын аса маңызды аспектілерге қатысты шараларды қамтиды. Демек, туризмнің тұрақты даму концепциясы - бұл тек мемлекеттердің экономикалық дамуы мен экономикалық өсуі ғана емес, сонымен қатар, адамдардың, туристер қабылдаушы жергілікті халықтардың өмір сапасының тұрақты жақсаруы.

Тұрақты туризм концепциясы, сонымен қатар, бәсекеге қабілетті әлеуметтік кәсіпорындар мен барлық азаматтар үшін туризмге қатысу мүмкіндігі, туристік секторда жұмысқа орналасу мүмкіндігі мен жергілікті қоғамдастық үшін туристік қызметпен айналысу мүмкіндіктерін беруде іске асырылады. Тұрақты даму концепциясы, ең алдымен, жергілікті халықтың пайда табуы мақсатында іске асырылатын аса маңызды аспектілерге қатысты шараларды қамтиды. Демек, туризмнің тұрақты даму концепциясы - бұл тек мемлекеттердің экономикалық дамуы мен экономикалық өсуі ғана емес, сонымен қатар, адамдардың, туристер қабылдаушы жергілікті халықтардың өмір сапасының тұрақты жақсаруы.

ҚР туризмінің тұрақты даму концепциясын толықтай іске асыру үшін міндетті түрде тасымалдау кәсіпорындарының қызметі мен сапасын тұрақты даму принциптеріне сай өзгерту қажет. Іс жүзінде туризмнің әрбір түрінде табиғи ортаға туристік қызметтің өзі емес, туризмнің дамып келе жатқан инфрақұрылымы әсер етеді. Қазіргі уақытта туристік аудандарда көліктің экологиялық таза түрлерін: темір жол, электр және т.б. пайдалану кеңінен енгізілуде, бірақ тіпті бұл көлік түрлері де қоршаған табиғи ортаға теріс әсердің алдын ала алмайды. Олардың әсері ландшафтардың өзгеруіне елеулі әсер ететін

электромагниттік сәулеленуден және улы газдардан болады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасындағы ең ірі жұмыс беруші болып табылады. Компания қызметкерлерінің саны бүкіл ел халқының 1%-ына жақын. Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ елдегі әрбір қала мен елді мекендер тұрғындарына жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Бұл жағдайлар туристерді тасымалдаушы темір жол компаниясына үлкен әлеуметтік міндеттемелер жүктейді, оларды компания үлкен абыроймен атқаруы - тұрақты даму концепциясының әлеуметтік қағидасын іске асыруға ықпал жасайды.

Туристерді тасымалдауда қозғалыс қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін факторларды болдырмау және азайту мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да 2017-2018 жылдары келесідей жұмыстар атқарылды. Туристерді тасымалдаушы темір жол кәсіпорындарының қозғалыс қауіпсіздігінің жай-күйін жақсарту шаралары персоналдың әсері: «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының жұмыскерлерін өндірістен қол үзбей тұрақты даму мақсатында кәсіби оқытуды ұйымдастыру және жүргізу ұйымының стандарты әзірленді; тұрақтылықты бейінді оқыту орындарының бағдарламалары әзірленеді және өзектілендіріледі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниясымен орындалған тұрақты даму концепциясының нәтижелері туристерді тасымалдаушы темір жол көліктерінің ақаулары мен оқыс жағдайларының санын 2013 жылмен салыстырғанда 40% азайтты.

Технологиялық үдерістер мен нормативтік-техникалық құжаттамаларды сақтау: вагон шаруашылығы бөлімшелері жұмысының үлгілік технологиялық процесі өзектілендірілді және вагон шаруашылығы қызметкерлерінің саны мен штат нормативтері қайта қаралды; туристік жолаушылар шаруашылығында 13 технологиялық үдерістер тұрақты дамудың жаңа технологияларымен өзектілендірілді; туристерді тасымалдаушы вагондардың магистральдық темір жол желілеріне жіберудің қауіпсіздік ережелері қайта өңделді; магистральдық темір жол желілеріне жіберу ережесін қалыптастыру бойынша нұсқаулық әзірленді; МТЖ-да ұзын құрамды және ауыр салмақты поездарын өткізу және байқауды ұйымдастыру тәртібіне вагондарды жоспарлы жөндеу бойынша тұрақты даму концепциясына сай міндетті талаптар қойылды.

Экологияға тиетін зардаптарды азайту мақсатында техникалық құралдар, материалдар мен құралдарды бөлудің міндеттері: экологияға қауіпсіз технологиялық жабдықтарды сатып алу жөніндегі шаруашылық бағдарламалары бекітілді; жол шаруашылығында атмосфераға, биосфераға жанасатын дефектограммаларды таратып жазу орталығы құрылды; дефектоскопта тіркелген қауіпті деректерді жедел жіберу үшін 358 нүкте орнатылды; станцияларда ЕҚДБ желісі бойынша шағын механизация құралдары жеткізілді (3 464 бірлік); флора мен фаунаға зардап тигізбеу мақсатында туристерді тасымалдаушы темір жол көліктері жолының 964 км модернизацияланды; жаңа экологиялы таза локомотивтер сатып алынды (13 бірлік); эко жолаушы вагондары (62 бірлік).

Парникті және улы CO₂ газдарының бөлінуін азайту мақсатында компанияда жылына екі рет профилактикалық жұмыстар жүргізіліп тұрады: инфрақұрылымның, жылжымалы құрамның, өндірістік-техникалық объектілердің, техникалық құралдардың ағымдағы жай-күйіне көктемгі, күзгі тексерулер өткізіледі; поездар мен тальго құрылымдарының жергілікті тұрғындарға зардабын сақтау мақсатында ақауларын тексеру; экологиялық және атмосфералық диагностиканың жаңа құралдарымен жүріп өтудің алдын алу шараларының жүргізілуі.

«ҚТЖ» ҰК АҚ темір жол кәсіпорынында туризмнің тұрақты даму концепциясын енгізу өте перспективалы құбылыс. Темір жол кәсіпорындарында тұрақтылықты енгізу 2050 жылға дейін келесідей аспектілерді қамтуы қажет: туристерді тасымалдаушы компанияның жоғары экономикалық көрсеткіштері; тасымалдаушы кәсіпорынында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; қоршаған ортаны қорғауға бағытталған сұрақтар мен мәселелерге әрдайым талдау жасау; тұрақты даму бағдарламасына сай оқыту және кәсіби өсу; қауымдастықтар мен ұжымдық шарттарды жүргізу еркіндігі; компания ішіндегі энергия тұтыну тиімділігі; компанияның экологиялық міндеттемелерге сәйкестігі; қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығыстар мен инвестициялар; парниктік газдар және басқа да ластаушы

заттар шығарындыларын азайту; заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестігі; туристерді тасымалдаудың жоғары деңгейлі қауіпсіздігі; жергілікті халықтардың әлеуметтік-мәдени мүдделерінің қорғалуы.

Туристерді тасымалдауға кететін темір жол көліктерінің жылдық жанармай, отын, газ шығындыларын 2050 жылға дейін 2 есе қысқартуға болады. 2 есе қысқарту нәтижесінде экологияның улы газдармен, жанармай қалдықтарымен ластануы 45%-ға дейін қысқартатын болады. Күн энергиясы батереяларын туристерді тасымалдаушы темір жол көліктеріне орнату - осы мүмкіндіктердің кең спектрін ашатын болады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ туристерді тасымалдаушы темір жол көліктерінің жанармай отынын қолдану шығындары мен күн энергиясы панелдерін пайдаланудың экономикалық тиімділігі көрсетілді. Шығарындылардың қарқындылығын 2030 жылға дейін 50%-ға қысқарту мақсатын қою арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ экономикалық және экологиялық тұрақтылыққа жететін болады. Күн энергиясы панельдерін орнату арқылы 2030 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ дизельді жанармайдың көлемін 11 945,20 т дейін қысқарту арқылы компанияның жанармай шығындары мен экологияға деген зиянды тастандылары қысқартатын болады. Бұл өз кезегінде тұрақты даму концепциясының мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді. Шығарындылардың қарқындылығын 2030 жылға дейін 50%-ға қысқарту арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ 1 ГВт күн энергиясын пайдалануға мүмкіндік алады. Бұл улы тастандылардың атмосфераға енуінің 35%-на дейін мөлшерін қысқартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 ДТҰ халықаралық туризм барометрі: статистикалық жинақ. – Дүниежүзілік туристік ұйым, 2018. – 30 б.

2 Тұрақты даму: БҰҰ жаһандық баяндамасы. – Нью-Йорк: Біріккен Ұлттар Ұйымы экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Департамент, 2016. – 153 б.